

Асептика ережелері. Фармацевтік өндірістегі дезинфекциялық шаралар


- *Дайындаған: Әсілбек Жазира*
- *Қабылдаған:*

АСЕПТИКА ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

▪ Жараға микробтардың түсу қаупін азайту үшін хирургия мамандығында өте сенімді белгілі шаралар қолданылып жүр. Бұл шаралар қазіргі хирургияның негізі болып есептелетін асептика және антисептика әдістерімен іске асырылады.

- асептика
- антисептика





АСЕПТИКА

- Асептика – манипуляциялық диагностикасында, адам ағзасының емделу барысында қоршаған ортадан микроорганизмдердің енуін ескерту, сонымен бірге зерттеу материалы микроорганизмдердің культурасымен қоректік ортасына лабораториялық зерттеу жүргізілуді ұйымдастыру жүйесі.
- Асептика ғылымын ең бірінші рет неміс ғалымы Бергман 1890 жылы ұсынды. Асептикасыз хирургия жоқ. Микробтарды және олардың спораларын жоқ ету тәсілін стерилизация деп атайды. Стерилизацияның түрлері: күйдіру, қыздыру, қайнату, автоклавқа салу, химиялық тазалау арқылы жүргізіледі. Сұйық затты қысым күшімен жылытуға арналған жабық қазанды автоклав деп аталады.



АНТИСЕПТИКА

- Антисептика деп микробтардың жарада немесе адам мүшелерінде өсіп-өнуіне кедергі жасайтын әдіс, оларды жоюға бағытталған ем, алдын алу шараларының жиынтығы. Ағылшын хирургі Д.Листер Л.Пастердің ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, 1867 жылы операцияға пайдаланатын құрал-саймандар, хирургтің, операция мейіркешінің қолдары және т.б. микробтан таза болуы керектігін дәлелдеп еңбек жазып шығарды. Микробтардың өсіп-өнбегуіне ол ғалым карбол қышқылын ұсынды. Сондықтан микробтардың өсуіне мүмкіншілік бермейтін химиялық заттарды антисептикалық заттар деп атайды.

- Бұл әдісті пайдаланған хирургтар карбол қышқылы адамның клеткаларына зиянын тигізетіндігін, науқасты уландырып, кейде өлімге ұшырататындығын, ал хирургтардың және олардың көмекшілерінің уланып, тістерінен айырылатандығын анықтады.

Сондықтан карбол қышқылы орнына сумела, салицил қышқылы, бор қышқылы, көмір қышқылды натрий (сода) және т.б. химиялық заттар пайдаланыла бастады. Антисептиканың әдістері: химиялық, физикалық, механикалық және биологиялық болып бөлінеді.



- Қазіргі асептиканың екі принципі бар:
- 1) жарамен жанасатын барлық заттар стерильді болу керек.
- 2) барлық хирургиялық науқастар екі ағымғы бөлінуі тиіс: «таза» және «іріңді».
- Хирургияда асептиканың қағидаларын сақтамай жұмыс жасау мүмкін емес. Науқас ағзасының ішкі ортасына ену – хирургиялық әдістердің негізгі айырмашылығы. Егер бұл жағдайда науқас ағзасына микроб еніп, инфекциялық сипатта асқынулар болатын болса, қазіргі заманда ол ятрогенді асқыну болып есептеледі



- Асептика – хирургияның негізгі заңы. Асептикасыз хирургияда шаралар жасау мүмкін емес. Асептиканы антисептикадан бөлуге болмайды, екеуі хирургияның біріңғай комплексі болып табылады. Асептиканың қағидаларын сақтай отырып жұмыс жасау қазіргі заманның хирургия практикасындағы жетістіктердің жетістіктерінің бірі. Ал осы асептиканың ережелерін сақтамай қайбір хирургиялық манипуляциялар жасау ятрогенді, ең зор қате болып саналады.

- Дезинфекция (зарарсыздандыру) – қоршаған ортадағы жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын жою. Дезинфекция кезінде микроорганизмдердің вегетативті түрлері ғана жойылады. Микроорганизмдерді физикалық факторлар мен химиялық заттармен жоюға болады. Дезинфекцияның мақсаты: ЕСМ палаталарынан сыртқы ортаның объектілерінен жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын кетіру және жою. Зарарсыздандырудың екі түрі бар: профилактикалық және ошақты.



- Фармацевтикадағы дәрілік түрлерді асептикалық жағдайларда дайындау кезінде қойылатын бірнеше санитарлық талаптарға тоқталамыз:
- - Асептикалық жағдайда дәрілік түрлерді дайындауға арналған үй-жайлардың қабырғалары майлы бояумен сырлануы немесе ашық түсті кафельді плиткармен қапталуы қажет, олар дөңестерсіз, карниздерсіз және жарықшақсыз болуы керек. Төбесі желімді немесе имульсиялық бояулармен сырланады. Едендеріне линолеум немесе релин төселіп, қиюласқан жерлері міндетті түрде сваркаланады. Есіктері мен терезелері тығыз жабылатын, саңылаусыз және мұқият тазалау, дезинфекциялауға ыңғайлы болуы керек.
 - Асептикалық блок, сүзгілер орнатылған тарту-сорып шығару вентиляциясымен жабдықталып, ондағы ауаның кіруі сорылып шығарылудан артық болуға тиіс.

- Асептикалық блоктағы, дәріхана ішілік дәрі дайындауға арналған ассистенттік блокта дистилляциялайтын, стерильдейтін бөлмелердегі ауаны зарарсыздандыру үшін, үй-жайдың әр 1 м³ көлеміне 2-2,5 Вт қуаттан бөлінетіндей есеппен, экрандалмаған бактерицидтік лампалар орнатылып, оларды адамдар болмайтын жұмыс аралығындағы үзіліс кезінде, түнде немесе арнайы бөлінген уақытта - жұмыс басталғанға дейін бір-екі сағатқа жағып қояды. Ашық лампалардың қосқыштары үй-жайға кіретін тұсқа орнатылып: "Кіруге болмайды, бактерицидтік сәуле таратқыш қосулы" немесе "Бактерицидтік шамдар жанып тұр" деген жазулары бар жарық таблолармен тұйықталып қоюға тиіс. Экрандалмаған бактерицидтік лампа қосылған үй-жайға ол сөндірілгеннен кейін ғана, ал аталған үй-жайда ұзақ уақыт болуға экрандалмаған бактерицидтік лампа алып тасталғаннан және үй-жай ауасы тазартылғаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

- Залалсыздандыруды өткізу шарттары:
- Залалсыздандыруды фильтрлі, не филтрсіз қорапшада, пергамент немесе дымқылдықты өткізбейтін қапшықты қағаздан жасалған қорапшада, Е маркалы автоматтарда бұйымдар орағыштарға арналған қағаз қорапшада, ОКМВ - 120 маркалы темір бұйымдарға арналған орағышты қағазда, екі қабатты тығыздалған қағаздан жасалынған екі қабатты жұмсақ орағышта өткізеді.
- Қолданылатын жабдықтар: бу стерилизаторы
- Сапаның бақылауы бензой қышқылының көмегімен тексеріледі: бу стерилизатор ішіне 132° температура, 2 атм қысымында 20 минуттың ішінде балқитын бензой қышқылының кристалдарымен шишаға салынады.
- Орағыш түрлері:
- а) крафт-пакет.